

Украина, Киев қаласы, Мельников көшесі, 26 мекен-жайы бойынша орналасқан ғимаратты Қазақстан Республикасының меншігіне сатып алу туралы 1998 жылғы 17 желтоқсандағы шартты мақұлдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 26 шілде N 1121
Қазақстан Республикасының Украинадағы Елшілігін орналастыру және оны

ұстауға арналған ағымдағы әкімшілік шығыстарды қысқарту мақсатында
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Украина, Киев қаласы, Мельников көшесі, 26 мекен-жайы бойынша орналасқан құны 955 500 (тоғыз жүз елу бес мың бес жүз) АҚШ долларлық ғимаратты Қазақстан Республикасының меншігіне сатып алу туралы 1998 жылғы 17 желтоқсандағы шарт мақұлданды.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.